

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

**Кафедра:**

**СӨЖ**

**Тақырыбы: Иммунопрофилактика. Екпе түрлері. ҚР-ның алдын-алу екпесінің күн тізбесі**

*Орындаған:*

*Курс: 4*

*Тобы :*

*Қабылдаған:*

# Жоспар :

- I Кіріспе бөлім
- II Негізгі бөлім
  - 1) *Жасанды және туа пайда болған иммунитет*
  - 2) *Белсенді иммунитет тудырушылар: вакцина, анатоксиндер*
  - 3) *Енжар иммунитет түзушілер: иммунды сарысулар және иммуноглобулиндер*
- III Қорытынды
- IV Пайдаланылған әдебиеттер

# Кіріспе

- Бөтен субстанцияларға қарсы жауап беруді қамтамасыз ететін ағзалар мен жасушалар жүйесін организмнің иммундық жүйесі деп атайды. Осыдан ***иммунитет*** (латынша *im-munitas* – босап шығу, арылу, құтылу) вирустардан, бактериялардан, паразиттерден қорғауды, мутациялық өзгерген жеке клеткаларды құртып жоюды, қатерлі ісікке қарсы қорғауды қамтамасыз етеді.



# Жасанды және туа пайда болған иммунитет

- ❖ Кейбір жануарлар мен адамның қанында организмді жұқпалы аурудан қорғайтын заттар іштен туа пайда болады, ондай иммунитетті *туа пайда болған иммунитет* деп атайды. Бұл қасиет тұқым қуалайды. Туған күнінен бастап, өзінің барлық тіршілік ету кезеңдерінде түзілетін организмнің қарсы тұру қабілеттілігін жүре пайда болатын иммунитет деп атайды.
- ❖ Ол **табиғи** және **жасанды** деп екіге бөлінеді (екеуі де белсенді және енжар болып ажыратылады). Бұл иммунитеттің табиғи жолмен түзілген белсенді түрі жұқпалы аурулармен науқастанып тұрғаннан кейін пайда болады. Әдетте, ол ұзақ мерзімге созылады, кейбір жағдайда өмір бойына сақталады.
- ❖ Мысалы, адамдар [шешек](#), [қызылша](#), т.б. жұқпалы аурулармен бір рет ауырып тұрса, екінші рет қайталап ауырмайды. Ал табиғи иммунитеттің енжар түрі нәрестеге құрсақта жатқанда бала жолдасы (плацента) арқылы, ал туғаннан кейін анасының сүтімен беріледі. Мұндай иммунитет ұзаққа созылмайды, саби 1 жасқа келгенше

# Вакцина

- Вакцина (лат. vacca — сиыр, vaccinus — сиырдікі) — микроорганизмдерден (бактерия, вирус, т.б.) алынып, адам мен жануарлар организміне жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін енгізілетін препараттар.
- [1796](#) жылы ағылшындар [Эдженнер](#) алғаш рет сиыр шешегін адамға егу арқылы алды.
- Вакциналардың құрамында қоздырғыштардың антигендері болады.
- Микроорганизмдерден антигендер қандай тәсілмен бөлініп алуына байланысты вакциналар бірнеше түрлерге бөлінеді: тірі, инактивацияланған, суббірлікті синтетикалық және антиидиотиптілер.



- Тірі вакцина — [микробтардың](#) уыттылығын әлсіретіп, ауру тудырғыш қабілетін жою, иммунитет қалыптастыру үшін алынады. Алғаш рет француз [микробиологы Л. Пастер](#) тірі вакцинаны түйнемеге ([1881](#)) және құтыру ауруына ([1885](#)) қарсы қолданды. Ал [1926](#) жылы француз ғалымдары А. Кальмет пен К. Гереннің ашқан тірі [туберкулез \(БЦЖ\)](#) вакцинасы ғылымдағы үлкен жаңалық болды. Тірі вакциналар [шешек](#), [құтыру](#), [оба](#), [туляремия](#), т.б. ауруларға қарсы пайдаланылады.
  
- Өлтірілген Вакцина — микроорганизмдерді физикалық (қыздыру арқылы) және химиялық жолмен ([фенол](#), [ацетон](#) және [спиртпен](#) өңдеу) өлтіру әдістері арқылы алынады. Бұлардың қорғаныштық қабілеті тірі вакцинаға қарағанда төмендеу болғандықтан бірнеше рет егіледі.
- Химиялық вакцина — микроорганизмдерден бөлінетін активті [антигендерден](#) алынады. Бұл вакциналар [паратиф](#), [іш сүзегі](#), т.б. ауруларға қарсы пайдаланылады.



# Анатоксиндер



Анатоксиндер — улы токсиндерді формалинмен өңдеу арқылы алынған, бірақ антигендік және иммундық қасиетән сақтаған бактериялардың зарарсыздандырылған экзотоксиндері, усыз вакциналар. Бұларды алғаш рет (1923 — 1926) француз ғалымы Г. Рамон алды. Анатоксиндер дифтерия (күл), ботулизм, сіреспе, т.б. ауруларға қарсы қолданылады.

- Ассоциацияланған Вакцина — 2 — 3 ауруға бірден қолданылатын вакциналар. Мысалы, сиырларды қараталақ пен қарасан (эмкар) ауруына қарсы бір вакцинамен егіп тастау өте тиімді. Вакциналарды организмге әр түрлі әдіспен енгізеді. Мысалы, шешек, туберкулез вакцинасын тері үстіне (тырнап), полиомиелитке қарсы ауыздан, гриптикін танау қуысынан құяды. Сүзек, тырысқақ, топалаң, құтыру вакцинасын тері астына, қызылша мен қарасан вакцинасын бұлшық етке егеді. Вакцина егілген организмде ауруға қарсы иммунитет 2 — 3 аптадан кейін қалыптасып, бірнеше жылдар бойы сақталады.

## 1. Республикалық бюджет есебінен жұқпалы ауруларға қарсы жүргізілетін егулер

Жасы және егілетін контингенттер	Туберкулез (БЦЖ)	Полиомиелит (ОПВ, ИПВ)	Вирустық гепатит «В»	Көкжөтел, елди дифтерия, сіреспе (АҚДС, АаҚДС)	Гемифильдин инфекция тип б (Хиб)	Дифтерия, сіреспе (АДС)
1) Жасы бойынша						
1-4 күні	+		+			
2 айлығында		+	+	+	+	
3 айлығында		+		+	+	



# *Вакцина енгізілуіне дамитын реакциялар мен асқыныстар.*

- **Асқыныстар** 4 категорияға бөлінеді:
  - 1) Жергілікті зақымданулар (теріастылық инфильтраттар, салқын абсцестер, ойық жаралар) және өңірлік лимфадениттер.
  - 2) Персистенциялы және диссеминацияланған **БЦЖ** - инфекция, өліммен аяқталмайтын (жегі, остенттер ж.б.).
  - 3) Диссеминацияланған **БЦЖ**- инфекция, жайылған өліммен аяқталатын зақымданулар, бұл жағдайда туыла біткен иммунды – тапшылықтар орын алады.

# Қорытынды:

- Салқын тізбекке тоңазыту жабдықтары, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін және режимді бақылайтын арнайы үйретілген персонал және барлық кезеңдерінде яғни амбулаторияға, емханаға , босану үйінде, ФАП-та дейін  $t^{\circ}$  режимнің сақталуы және бақылануы жүйесі кіреді.
- Салқын тізбектің барлық деңгейінде вакциналардың түсуі мен жөнелтілуі тіркеледі, онда вакциналар көлемі, датасы, сериялар №, жарамды мерзімі және жауапты адамның аты-жөні көрсетіледі. Бұйрықпен тағайындалған адам тәулігіне кем дегенде 2 рет арнайы журналда сақталу температурасын (термометр орталық сөренің орта тұсына қойылады) және термоиндикатор көрсеткіштерін тіркейді. Салқын тізбек сақталмаған жағдайға арналған іс- шаралар жоспары әр мекемеде болуы тиіс.

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- ↑ О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К. Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық
- [http://www.google.kz/search?q=белсенді+иммунитет &h](http://www.google.kz/search?q=белсенді+иммунитет&h)
- Вирусология, иммунология, генетика, молекулалық биология. 1993. ISBN 5-630-0283-X
- <http://kk.wikipedia.org/wiki>
- Тілеуқабыл Ө. Шипагерлік баян. Алматы, 1996 ж
- Казахский НИИ Эпидемиологии, микробиологии и инфекционных болезней (проспект), Алма-ата, 1975 ж
- Таточенко В.К., Озерецковский Н. А., Федоров А.М. Иммунопрофилактика – 2011. (справочник). М 2011.